

Сапиева А.Ж., Ақтымбаева А.С.

«Бұйратау» мемлекеттік табиғи ұлттық саябағының туризм дамуына мүмкіншілігін талдау

Бұл мақалада «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағының туризм дамуының мүмкіншілігін талдау мен экотуристік маршруттар жобасы көрсетілген. Сонымен қатар, «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағындағы туризмнің даму болашағы қарастырылды. Туризмнің дамуында ұлттық саябақтардың маңызы көрсетілді, сонымен қатар ұлттық саябақтарда туризмнің әр алуан түрлерін ұйымдастыру үшін SWOT-талдау жүргізілді және «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағының туристік-рекреациялық мүмкіншіліктеріне талдау жасалды.

Мақалада «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы бойынша экологиялық туристік авторлық маршруттары көрсетілді. Ұлттық саябақтарда туризмді дамыту механизмі ұсынылды.

Түйін сөздер: туризм, инфраструктура, экология, экотур.

Sapiyva A.ZH., Aktymbayeva A.S.

Analysis of the possibilities of development of tourism in the State Natural National Park «Buiratau»

This paper presents analyzes the possibility of the bank development of tourism in the State Natural National Park «Buiratau» projects and eco-tourism routes. Also in this work was considered developing of tourism in the state national nature park «Buiratau». And was designated the importance of national parks in developing of tourism, also carried out SWOT – analysis for organizing different types of tourism in national parks and releaved tourism – recreational possibilities of the state national park `Buiratau`.

The author made eco – tourism routes in the territory of this national park. And was offered the mechanism of development of tourism in national park.

Key words: tourism, infrastructure, ecology, environmental trails.

Сапиева А.Ж., Ақтымбаева А.С.

Анализ возможности развития туризма в государственном природном национальном парке «Буйратау»

В данной статье проведен анализ возможности развития туризма в государственном природном национальном парке «Буйратау» и проектов экотуристских маршрутов. Рассматривается развитие туризма в государственном национальном природном парке «Буйратау». Обозначена значимость национальных парков в развитии туризма, также был проведен SWOT-анализ для организации различных видов туризма в национальных парках, и выявлены туристско-рекреационные возможности государственного национального природного парка «Буйратау».

В статье приведены авторские экологические туристские маршруты на территории данного национального природного парка, также предложен механизм развития туризма в национальных парках.

Ключевые слова: туризм, инфраструктура, экология, экотур.

**«БҰЙРАТАУ»
МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ
ҰЛТТЫҚ САЯБАҒЫНЫҢ
ТУРИЗМ ДАМУЫНА
МҮМКІНШІЛІГІН
ТАЛДАУ**

Кіріспе

Табиғат – адам баласының тіршілік тынысы әрі таусылмас сарқылмайтын қазынасы, байлығы. Адам табиғаттың туындысы ретінде біте қайнасып, өміріне қажетті азық қорын алады және адам баласы табиғатсыз өмір сүре алмайды. Алғашқы адамдар табиғат ресурстарын тұрпайы күйінде пайдаланған. Бертін келе адам баласы, саналы түрде шаруашылықпен айналысып, өсімдіктерді баптап өсіріп, жануарлардың кейбір түрлерін қолға үйретіп, өсірді. Табиғатты қорғаудағы негізгі мақсат – оның байлығын тиімді пайдалана отырып, болашақ ұрпаққа қазына байлық ретінде қаз қалпында жеткізу. Ол үшін біз табиғат ананы қадірлей білуіміз қажет [1].

Соңғы жылдары елімізде табиғатты қорғау мәселесіне үлкен мән берілуде. 1997 жылы 15 шілдеде «Қоршаған ортаны қорғау туралы», ал 1997 жылы 6 тамызда «Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар туралы» заңдар қабылданып, оларды жүзеге асыру жөніндегі жоспарлар мен игі істер іске асырылуда. Еліміздегі ерекше қорғалатын аумақтар қатары өсіп келеді. Осындай ерекше қорғалатын аумақтардың бірі Ақмола облысы Ерейментау ауданы мен Қарағанды облысы Осакаров ауданы аумағында орналасқан, жалпы ауданы 88 968 га аумақты алып жатқан – «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы.

Орталықазиялық-қазақстандық ұсақ шоқылардың бірегей экологиялық жүйесін сақтау мақсатында ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы №247 қаулысымен «Бұйратау» Мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы құрылды.

Тақырыптың өзектілігі болып «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы Қазақстан Республикасында ЕҚТА ішіндегі ең жас мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтардың бірі, сол себепті де мұнда зерттеу жұмыстары аз жүргізілген. «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағының зерттелуі болашақта туризм саласына елеулі жаңалықтар енгізеді [2].

Қазақстан Республикасында мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтардың орны ерекше, оның ішінде туризм мен рекреациялық мақсатта мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтарға деген сұраныс жоғары. Сондықтан да Қазақстан Республикасында көптеген жаңа Ерекше қорғалатын табиғи

аймақтар (ЕҚТА) ашу жоспарлануда. Бұндай ЕҚТА-дың ашылуы туризм саласының дамуына әсері мол. Сонымен қатар, елімізде мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтарды таныту, насихаттау және сұраныстың ұлғаюы нәтижесінде өнімді әлемдік деңгейге ұсыну көзделіп отыр.

Мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар аумағында инфрақұрылымды салу қатаң тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Себебі, бұл аймақта экологиялық таза құралдар мен туристік инфрақұрылымдар салынады. Ұлттық парктер территориясында инфрақұрылым салу қысқа мерзім аралығында жүргізіледі. Бұның бәрі Қазақстан Республикасы Заңнамасы бойынша қатаң талаптар бойынша іске асады.

Бастапқы мәліметтер мен зерттеу әдістері

Зерттеу барысында мәліметтерді бір негізге біріктіру арқылы, ақпаратты толық жеткізу үшін, әлеуметтік-экономикалық баға беру және карталар мен суреттер арқылы ақпаратты жеткізу әдістері қолданылды.

Ақпарат көздерінің негізгі қорын «Бұратау» мемлекеттік табиғи ұлттық саябағының есептерінен, статистикалық есептерінен аударылып жинақталған; сонымен қоса журналдар мен интернет сілтемелер құрайды.

Нәтижесі және талқылау

«Бұйратау» мемлекеттік табиғи ұлттық саябағының туристік инфрақұрылымы Қазақстан Республикасы Заңнамасы бойынша талаптарды қатаң сақтай отырып құрастырылған. Сонымен қатар туристік инфрақұрылым құрастыру үшін белгілі бір себептер болуы керек. Олар: саябақ ауданы өзінің табиғатымен, тауларымен, ұсақ шоқыларымен, көлдерімен, жануарлар мен құстар дүниесінің әртүрлілігімен, шипалы климатымен, таза ауасымен, шипалы суларымен, батпақтарымен және аңыз-әңгімелерімен ерекшелінеді. Жоғарыда аталған себептер мен экологиялық таза құралдар мен техникалық жабдықтарды қолдана отырып саябақ ауданында туристік инфрақұрылым жасақталып отырғанын (сурет 1) көреміз.

Сурет 1-де көрсетілген мағлұматтар «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағының бас бөлімі Осакавка басқару орнынан алынды. Кестеде көрсетілген мағлұматтар да «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағының туристік инфрақұрылымы көрсетілген. Бұл жерде ту-

ризмді дамытудың барлық алғышарттары бар. Жас ұлттық парк болғанына қарамастан туризм саласына өз үлесін қосуда. Қазіргі таңда мұнда экотуристік маршруттар, жастарға арнап жыл сайын өтетін табиғатты қорғау акциялары – «Марш парк – 2014», табиғатты қорғау іс-шаралары және т.б. жасалынады.

«Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағында туризмді дамыту барысында – туристік маршруттарға толыққанды қызмет көрсету үшін, арнайы дайындықтары бар маман гид-экскурсоводтар болуы керектігі белгілі. Ұлттық саябақ бұл мәселелерді шешу мақсатында, ғылым және туризм бөлімінің мамандарын түрлі деңгейдегі осы бағыттағы көрмелер мен жәрмеңкелерге және қысқа мерзімдегі курстарға оқуға жіберуде. Сонымен қатар аумақта туризм саласын дамыту үшін белгілі бір туризм салаларын ашу қажет. Міне осы бағытта ұлттық паркте туризмді дамыту үшін бірнеше маршруттар даярланды [4].

Мұнда аталған туристік маршруттың технологиялық картасы – транспорттық маршруттың негізгі құжаты болып табылады. Ол туристік қызметті ұйымдастыратын субъектпен құрастырылады, жоспарлық-қаржылық бөлімнің басшылығымен мақұлданады, мөрмен басылып, бекітіледі. Технологиялық картаның басында маршрутқа қызмет көрсететін туристік ұйымның атауы көрсетіледі және маршрут объектілері сипатталады.

Ұсыныстар. «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағындағы әр алуан туризм турлерін қолдана отырып бірнеше туристік маршрут ұйымдастырылды. Бірінші туристік маршрут – «Белодымовский».

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың атауы: «Бұйратау» МҰТП» РММ

Маршрут атауы: «Белодымовский»

Маршруттың жіктемесі:

– белгіленуі бойынша: туристік – экскурсиялық, ғылыми – танытушылық және оқу – ағартушылық;

– қозғалыс жасау түрі бойынша: аралас;

– қолданыс уақыты бойынша: маусымдық;

ұйымдастыру нысаны бойынша: топтас-тырылған және жекешелендірілген.

Негізгі географиялық пункттер атауы: «Белодымовка» (4 бөлім) – Әжбай өзені – Бозайғыр өзені – «Қараағаш» бұлағы – Айғайсай (Бұлбұл сайы) – Ақдым таулы алқабы – кордон (Белодымовка саяжайы).

Ұзындығы: бас аяғы 32 км, аялдаманы ескере отырып уақыт ұзақтығы – 6 сағат 30 минут.


Маршруттың жұмыс істеу мерзімі: Мамыр – қыркүйек аралығы.

7 Топтағы адамдардың ең көп саны: 10-15 адам (психологиялық жағдай тығызу үшін).

8 Экскурсиялық маусым ішіндегі әртүрлі кезендер бойынша жол берілетін

рекреациялық жүктемелер: – өрт қауіпсіздігі мерзімі кезіндегі экскурсиялық маусымның шектелуі.

9 Маршрут арқылы экскурсияны жүріп өту мүмкіндігі: гид-экскурсия жетекшісінің жол көрсетуімен жүріп өтіледі.



Сурет 1 – «Бұйратау мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің инфрақұрылымы [3]

Маршрут қалай таңбаланған: маршрут бойында қозғалыс таңбалары, туристік сапар желісінің бастапқы нүктесінде маршруттың атауы, қашықтығы, ЕҚТА-да болу ережесі көрсетілген аншлаг орнатылған. Аншлагта маршруттың сызбасы да көрсетілген.

Киімге қойылатын талаптар: киімді ауа-райына байланысты кию, табаны таймайтын, жайлы аяқкиім болу керек.

10 Маршрутта жүріп-тұрудың ерекше ережелері: маршруттан ауытқымау, топтан қалмау.

11 Қауіпсіздік шаралары: техникалық қауіпсіздік пен өртке қарсы қауіпсіздікті сақтау.

– соқпақты (маршрутты) өткенде техникалық қауіпсіздікті сақтау;

– киімнің туристік сапарларға сәйкес келуі қажет (аяқкиім, дененің жабық болуы);

– дәрі-дәрмек қобдишасының болуы;

– өрт қауіпсіздігін қатаң қадағалау.

12 Маршрутпен жүріп өту жоспары: мұнда маршруттың атауы, аумағы, ұзақтығы, жүру уақыты, аялдама уақыты, барлау алаңдары мен фотоға түсіру пунктері сипатталады (кесте 1).

1-кесте – «Белодымовский» туристік маршруты

№	Соқпақтың (маршруттың) аумағы		Ұзақтығы, км	Жүру уақыты	Аялдама уақыты	Барлау алаңын, фотоға түсіру пунктінің нөмірі
	Басы	Соңы				
1	«Белодымовка» (4 бөлім)	Әжбай өзені	7	25 мин	20 мин	
2	Әжбай өзені	Бозайғыр өзені	2,5	10 мин	20 мин	№1 пункті
3	Бозайғыр өзені	«Қараағаш» бұлағы	5	25 мин	1 сағ. 30 мин	
4	«Қараағаш» бұлағы	Айғайсай (бұлбұл сайы)	4	20 мин	30 мин	
5	Айғайсай (бұлбұл сайы)	Ақдым таулы алқабы	8	30 мин	30 мин	№2 пункті
6	Ақдым таулы алқабы	кордон (Белодымовка саяжайы).	5,5	25 мин	1 сағ	
Барлығы:			32	6 сағ 30 мин		

1 кестеде туристердің жүріп тұру уақыты, маршруттың ұзақтығы км-мен, қозғалыстағы аялдама уақыты, барлау алаңы, фотоға түсіру пунктерінің нөмерлері және маршрут бойынша аялдама нүктелерінің аты көрсетілген. Осы кесте бойынша туристік топ жүріп өту қажет.

Маршруттың қысқаша сипаттамасы

Маршрут бойындағы және тамашалау алаңдарындағы қарап-көру объектілерінің қысқаша сипаттамасы: Бағдардағы қарау нысандары болып: Ажбай және Бозайғыр көлдері, ұлттық парк аумағындағы ірі суаттары болып табылады. Онда құстардың: аққу – қиқылдақ, сұр тырна, сонымен қатар жабайы үйрек, қаз және басқа да түрлерін тамашалауға болады.

«Қара-ағаш» бұлағы, бұлақ суы адамға күш-қуат, қоршаған ортаға басқа көзбен қарауға мүмкіндік беріп, жансызды жандандырады. «Ақдым» тауының ең биік нүктесі теңіз деңгейінен 901 м, сонымен қатар тау қой-арқардың мекен ететін жері болып табылады [5].

Маршруттың күрделі жерлеріне қысқаша сипаттама: Маршрутта күрделі жерлер жоқ.

Ықтимал дүлей құбылыстар мен олар орын алған кезде топтың іс-қимылы: Стихиялық құбылыстар – дауылды жел, күн күркіреу, орман және дала өрттері.

Сапарға шығар кезде метеоқызметтің мәліметтерін қолдану керек. Дауылды жел және күн күркіреген жағдайда сапарға шықпау керек. Жауыннан қорғануға плащ-жамылғылар қажет немесе орман арасына жасырыну керек. Күн күркіреген кезде ағаш астында тұруға және биіктікке шығуға болмайды.

Жолда өрт болған кезде топ өрт бағытын анықтап, жағдайды тез арада өртке қарсы қызметке жылдам хабарлауы тиіс. Туристер үшін қауіп төнсе, қысқа уақытта қауіпсіз жерге ауысып, ұлттық парктің қызметіне немесе 101 телефонына өрт туралы хабарлау керек.

Жолдамаға ақпараттық парақшаның мәтіні үшін ұсынымдар:

Ақпараттық парақшаның мәтініне келесі ұсыныстар енгізу керек: туристік сапардың қатысушылары ЕҚТА-да болу ережелерін сақтауға тиіс. Киімді ауа райына байланысты таңдау керек.

Топтық тур бойынша экономикалық талдау.

Экотуристік тур бағасына кіреді:

Трансфер

Гид

Тамақтану

Ұлттық паркке кіру билеті

Топтық турдың бағасы 2 кестеде көрсетілген.

2 кестеден көріп отырғанымыздай топтық турдың бағасы 23200 теңге құрайды. Ал жеке адамға шаққанда $23200/7 = 3314,29$ теңгеден жеке адам басына шығады.

Эко маршрут сызбасы көрсетіледі (сурет 2).


«Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағында 3 экотуристік соқпақ – олар «Қарағайлы» экосақпағы, «Белодымовский» экотуристік соқпақ пен «Жаушоқы-2» экотуристік соқпағы ұйымдастырылды. Экосоқпақтарды белгілі бір талаптар бойынша іске асырдық. Экосоқпақтардың маршруттық карта схемалары мен калькуляциясы жасалынды. Жалпы айтқанда «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи

саябағында туризмді дамытуда және оң бағытта қалыптасуда. Оның негізгі дәлелі ұйымдастырушы мен тұтынушы бар және еліміздің астанасы –

Астана қаласының маңында орналасуы, сонымен қатар елордамызда 2017 жылы EXPO көрмесінің өтуі де оң әсерін тигізуде [6].

2-кесте – Топтық турдың сметасы

Сипаттамасы	Бағасы, шартты бірлігі
Көлік қызметі 7 адамға	1500*7=10500
Гид қызметі	600*6сағ=3600
Тамақтану қызметі 10 адамға	1000*7=7000
Ұлттық паркке кіру құны	300*7=2100
Фирманың комиссиясы ҚҚС – 12%	2486
Турдың бағасы	23200
Ескерту: кесте автормен құрастырылған	



Сурет 2 – «Белодымовский» -эко туристік маршрут картасы [авторлармен құрастырылған]

Қорытынды

Жасалған жұмыстар нәтижесінде төмендегі қорытындыларды шығарамыз:

1. Ақпараттық материалдарды жинақтау және талдау жүргізілді және туризмнің зерттелген аймағында жалпы және ғылыми-танымдық туризмнің жеке дамуын дәлелдейтін негізгі

табиғи-рекреациялық ресурстарын бағалау өткізілді. Нәтижесінде мемлекеттік табиғи ұлттық саябақ ауданда туризмнің түрлерін дамытуға қолайлы деп танылды.

2. Бұйратау ұлттық табиғи саябағы территориясында рекреациялық ресурс ретінде ескерілетін табиғи туристік ресурстар талданды және Бұйратау мемлекеттік табиғи ұлттық паркінде туризмнің әр алуан түрлерін ұсынуға барлық алғышарттар бар.

3. Кейбір бөлімдерін жетілдіру және нақтылау нәтижесінде келтірілген әдістер және

ғылыми-танымдық маршруттарды қысқаша сипаттамасын походтар және саяхаттар өткізу барысында қызмет көрсетуді ұймыдастыру барысында пайдалануға болады.

Жасалған ғылыми-танымдық туристік маршруттар туристтер, географтар, экологтар, университеттің географиялық факультеттер студенттері, туристік лицей және колледж оқушылары, сонымен қатар жұмыс, демалыс немесе зерттеу мақсатында тауға аттанушылар үшін айтарлықтай қызығушылық тудыруы мүмкін.

Әдебиеттер

- 1 Айдарбекова А.Р. Қазақстандағы туристік қызметтің дамуы // «Аманжолов оқулары – 2005» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары – Алматы, 2005. – 162-165 б.
- 2 Сүйіндік Р., Мира Б. Бұйраланған Бұйратау елді мекені // Елші. – 8 қыркүйек, 2012 ж. – №11 (1220). – С. 2-3.
- 3 Карта Карагандинский области. – Астана, 2012. – 1 п.л.
- 4 Қазақстан Республикасы туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 қазандағы № 1048 қаулысы.
- 5 [kk.wikipedia.org/wiki/Бұйратау_\(ұлттық_парк\)](http://kk.wikipedia.org/wiki/Бұйратау_(ұлттық_парк)).
- 6 EXPO- 2017тарихы<http://www.expo2017astana.kz/historyofexpo/.com/>

References

- 1 Aidarbekova A.R. Kazakhstanagy turistik kyzmen damu // Amanzholov okulary-2005 atty Halykaralyk gylymi-praktikalik konferenziya materialdar – Almaty, 2005. – P. 162-165.
- 2 Syinduk R., Mira B. Buiralghan Buiratay elde meken // Elshi, 8 september, 2012. – №11 (1220). – P. 2-3.
- 3 Karta Karagandinskoi oblasti. – Astana, 2012. – 1 p.l.
- 4 Kazakhstan Respublikasy turistik industriyasynyn perspektivasy bagyttaryn damytu zhonindegі 2010-2014 zhyldarga arналgal bagdarlamany bekіtu turaly Kazakhstan Respublikasy Ukimitinin 2010 zhylygy 11 kazandagy № 1048 kaulysy.
- 5 [kk.wikipedia.org/wiki/Buratau_\(ulttyk_park\)](http://kk.wikipedia.org/wiki/Buratau_(ulttyk_park)).
- 6 EXPO- 2017tarihy<http://www.expo2017astana.kz/historyofexpo/.com/>